

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В УПРАВЛЕНИИ
ПРОБЛЕМЫ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ
РИПК СО ПРЕДСТАВЛЯЕТ

БІЛІМ

БЕРУДЕГІ

МЕНЕДЖМЕНТ


В ОБРАЗОВАНИИ

ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКИХ МЕРОПРИЯТИЙ
ОБРАЗОВАНИЕ ЗА РУБЕЖОМ
В ПОМОЩЬ РУКОВОДИТЕЛЮ

3/97

Халықтық педагогика идеяларын тәрбие жүйесінде пайдаланудың маңызы

Өміртаева Р.



Әлемде қанша халық болса-бәрінде өздеріне тән халық педагогикасы бар. Осындай педагогиканы Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсариндер халық тағалымына сүйеніп, тәрбиенің бағытын соған негіздеген.

Оқу-тәрбие жұмысына халық педагогикасының идеяларын енгізу әр педагогтың шығармашылық қабілетіне байланысты. Тәрбиенің ежелден келе жатқан халықтық әдістерінің бірі-балаға ақыл-өсиет айту, сөз арқылы баланың сезімін оятып, сенімін арттыру. Бұл әдістер мақал-мәтелдерде, шешендік, нақыл сөздерде, ырымдар мен тыйым сөздерде көрініс тапқан. Халқымыздың "ағадан-ақыл, атадан-нақыл", "көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра", т.б. мақал-мәтелдері халықтың тәрбиешілдік өнегесінің айғағы. Ырымдар мен тыйым сөздер халқымыздың айнала қоршаған орта, табиғат, өзара қарым-қатынас туралы өмірдің өзінен түйіндеген пайымдаулары мен қағидалары, әлеуметтік және мәдени тұрмысының көрсеткіші. Ежелгі халықтардың туған топырақ, ата-мекен, табиғат, жан-жануарлар турал - ұғым түсініктері, ырымдар мен тыйым сөздері ерекше орын алған.

Қазақ халқының ұрпағына экологиялық білім мен тәрбие беретін ырымдары мен тыйым сөздерінің мән-мағынасына ой жүгіртіп көрейікші. Олар негізінен жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен аңдарды, жануарлар мен жәндіктерді қорғауға, оларға рақымшылық етуге "обал", "сауап" дегенді сезінуге тәрбиелейді. Қазақ халқы "көшпелі" халық болғаны тарихтан мәлім, көшіп жүргенде тозып кетпеуін қадағалаған. Жерін, суын қадірлеген, ағып жатқан суға, өзенге кір шайқатпаған.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан қазақ арасындағы наным-сенімнің кең жайылу сыры діншілдікпен байланысты екенін айта келіп, жақсы баласы, жүйрік аты, тазысы олсе, қыран

бүркіті ұшып кетсе, мылтығы бұзылса - осының бәрі сырт көздің сұқтануынан, тіл-көз тиюінен деп қарайтын, ал одан сақтанудың жолы-бойтұмар тағып жүру, садақа беру, әулиелерге жалбарыну, т.б. деп қараған,- дейді. Бұл туралы Шоқанның "Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдығы" атты еңбегінде жан-жақты жазылған. Ол осы еңбегінде Шаман дінінің түсінігі бойынша ырымдар мен әдеттер жамандықтан, бақытсыздықтан сақтайды деп қарағанын, ал қазақтар арасында осындай ырымдардың көптігін сөз етеді. Мысалы, біреуге үйірден жылқы берерде ол жылқының бір тал қылын жұлып алып, оған сол жылқының сілекейін жағып қалтасына салып қоятын, "байлығым" басқаға ауып кетпесін дегеннен туып, "сілекей алу" ырымы екенін, біреуге садақа киім-кешек бергенде түймесін немесе бір бауын алып қалатынын, мал сатқанда аттың жүгенін, түйенің бұйдасын, бүркіттің томағасын, иттің қарғы-бауын алып қалатынын, сондай-ақ үйге тамақ шайнап кіруге болмайды, ал керісінше тамақ шайнап шығу жақсы ырым деп қараған, бас киімді біреуге бермеу, дос адамға балта, пышақ, мылтықты сатып беру немесе мүлде бермеу, т.б. толып жатқан ырымдардың белгілі мән-мағынасы барлығына тоқталған. Кейбір хайуанаттардың "киесі" бар деп ұққан. Қазақтардың үйге жылан кірсе, ақ құйып айдап шығуы, жас балаға "көз тимесін" деп бесігіне үкінің қауырсынын (үкі) байлайды, "шошымасын" деп жастығының астына пышақ, қайшы тығып қоюы, т.б. ырымдар сол аталған заттарды "киелі" деп қарауынан туған.

Ш.Уәлиханов ел ішіндегі діни наным-сенімдердің күшті кезінде өмір сүруіне қарамастан, қараңғылық пен نادандыққа қарсы күрес ашты, қай халықтың болмасын салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрыптарындағы озық түрлерін ортақ мұра етуді мақсат етті.

Осы ырымдар мен тыйым сөздер қазіргі кезеңде мектептерде оқу-тәрбие әдістерін жетілдіруге елеулі үлесін қосады. Ұлттық негізден алшақтап, ұлтымыздың келешегін жойып ала жаздадық. Мектеп жасындағы оқушыларға ұстаз, ата-ана тарапынан айтылар ақыл-өсиеттің, ескертпелердің бала сезіміне әсері болмайынша нәтиже шығуы қиын деп ойлаймын. Өйткені

халықтық педагогикадағы тәрбие құралдары болып табылатын ырымдар мен тыйым сөздер баланы ағаттық жасаудан, қауіптен сақтандырып, адамгершілікке тәрбиелейді. Осындай тәрбие құралдарын белгілі бір жағдайға байланысты, сабақтың тақырыбы мен мазмұнына қарай, тәрбие жұмысының мақсаттарына бейімдеп отыру қажет.

Сынып ішін көркемдеуде де белгі бір жүйемен жабдықтау керек. Өз сыныбымда ұлттық педагогиканың тәрбие құралдарын қолдануда "Ұлағатты сөздер", "Мұны да білген жөн", "Ұмыт болған дәстүр", "Нақыл-саған ақыл" бөлімдеріне бөле отырып, соған байланысты нақыл сөздер жазылған көрнекіліктер ілінді. Көбіне оқушыларға мәдени-гигиеналық машығын қалыптастыратын тыйым сөздерді әдеп мәдениетіне, мектеп асханасында балаларды тамақтандыруда нанды дастарханға келтіретін еңбек екенін түсіндіруге байланысты сөздерді ескерту ретінде жиі қолданамыз.

Мысалы, мектепке кіргенде бас киімінді қолыңа ал, сыныпта ысқырма, айғайлап сөйлеме, саусағыңды аузыңа салма, таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама, үлкеннің алдын кесіп өтпе, сөзін болме, кемшілікке күлме, бұзақы сөз айтпа, т.б. Нанды бір қолыңмен үзбе, аяққа баспа, нанды лақтырма, нанның үстіне басқа зат қойма, т.б.

Ертедегі діни наным жайына келсек, қазіргі кезде оны айтып түсіндіріп отыратын ата-ана жоқтың қасы, көбі жас үйелмен. Діни нанымға сүйене отырып, ұлттық сана-сезім, салт-дәстір қадірін жоймайды. Мектеп өмірінде халық тәрбиесін жүзеге асыру өтілетін тақырыптарға, тәрбие сағаттарына байланысты жүргізіледі. Осы тәрбиені пәндерге байланысты жүзеге асыра алатын болса, тақырып жүйесіне сынып аралығына, шамасына, т.б. үйлестіріп алу қажет.

Мысалы, әліппе, ана тілі, математика, т.б. пәндерде өтілетін тақырып мазмұнына байланысты кездесіп отырады. Олар: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ребустар, анаграммалар, кроссвордтар ұлттық ұғымдарды қолдануға ыңғайлы келіп тұрады.

Мәселен, 1-ден 1000 аралығындағы кейбір үш, бес, жеті, он, отыз, қырық, жүз, мың сандарында ұлттық ұғымдар жақсылық, жамандығына сай мағыласы әр түрлі айтылады.

Мысалы, 3 арсыз - ұйқы, күлкі, тамақ;

3 күндік "Айт" оразада болатын мейрам;

5 асыл - талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым;

7 санына ауыз екі тілде күндер-дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Ал ұлттық атаулармен атасақ: бүгін, ертең, бүрсігүні, арғы күні, ауыр күн, соңғы күн, азына күн.

7 қару, 7 шелпен, 7 қарақшы, т.б. санға байланысты мақалдар: 13 саны - мүшел жас;

22 саны - қазақша "жыл басы-наурыз" айының күні;

30 санына - отыз күн ораза түту, рамазан айы;

40 санына баланы қырқынан шығару, анасының қырық күнге дейінгі күтімі, қырқын беру /олікті қасиеттеу, қастерлеу белгісі/.

Күйеу 100 жылдық, құда 1000 жылдық /бұл сөз құдалардың бір-біріне деген ілтипатынан туған сыйластық сөз/.

Сыныптағы, мектептегі оқушылардың іс-қимылы, кішіпейілдігі /анайы, жинақы, олақ т.б./, әдептілігі /жүгірмеу, есікті қатты серіппеу, т.б./-бәрі халық этикасынан туындап, ұлттық әдептілікті корсететіндей болу үшін халықтық педагогикалы барынша тиімді пайдалана білу - үлкен өнер.

Сойтіп зиялы ұрпақ тәрбиелеп өсіреміз десек, инабаттылықты отбасында қалыптастыруымыз қажет. Сонда ұлтымыздың үлкенді сыйлау, құрметтеу, жеке басының әдептілігі, т.б. адамгершілік, моральдік қасиеттері сияқты ізгі дәстүр жалғасын табады деп ойлаймын.

Тәрбие бесіктен басталады дейді дана халқымыз. Бала дүниеге келгеннен елінің әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, наным-сенімдерін құлағына құя отырып, оның ақылды, еңбек сүйгіш, адамгершілігі мол, мәдениетті, ел намысын қорғайтын азамат болып осуін көздеп, оның бойына осы қасиеттерді дарытуды борыш, міндет деп санаған.

"Адамның бір қызығы бала деген", - деп Абай айтқандай, бала адамның да, өмірдің де қызығы, ал ата-анасы-тәрбие онегесі. Сондықтан халқымыздың: "Баланың ұяты - әкеге", "Ата көрген оқ жонар", "Шеше көрген тон пішер", "Қыздың ұяты шешеге", деген мақал - мәтелі тегін айтылмаса керек. Қазақ халқының жол-жоралғысы да ежелден бері ер бала мен қыз бала тәрбиесін әке мен шеше тең бөлісіп алған.

Ұлды атасы, не әкесі мал бағуға, отын жаруға, шөп шабуға, аң аулауға, үй-ішін, отбасын асырауға баулыған.

Ал қыз балаға үй сыпыру, төсек жинау, кір жуу, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, жүн түту, киіз басу сияқты үй тіршілігін үйретуді әжесі мен анасы өз еншілеріне міндеттеп алған. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, шаңырақ ұйытқысы деп түсініп, оның инабатты, еңбек сүйгіш, ізетті, өнерлі болып өсуіне ерекше мән берген.

Қазіргі жағдайда "Атамекен" бағдарламасына сәйкес мектептерде тәрбие жұмысының маңызын жетілдіру, үйелмен мен ынтымақтастықты біріктіре отырып, одан әрі дамыту. Үйелмен тәрбиесінің бірінші міндеті - бала бойына тәлімдік қасиеттерді қалыптастыру.

Ата-бабамыз үйелмен тәрбиесінде еңбекке көп мән берген. Ол туралы айтылған даналы ойлар, нақыл сөздер ұлтымызда аз емес.

Мысалы, оған данышпан ақынымыз Абайдың: "Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанаттың бірі боласың. Адамзаттың парызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың", - деген нақыл сөздерінде еңбектің қоғам өмірінде алатын орны, атқаратын роліне зор баға беріледі. Осындай нақтылы мысалдарды пайдалана отырып, ол ата-әжесінің, әкесі мен шешесінің жұмыс мазмұнын ашып, үлкен адамдар балалар өсіруді қуанышты да, қызықты етуге тырысатынын терең түсіндіру қажет. Балаларды кішкентай кезінен реттілікті сүйеге тәрбиелеу үшін күнделікті тәжірибеде мынадай тәсілдер қолданылады: серуенге шығу, жақын туыстарына бару, олардың хал-жағдайын білу, немесе үйдің ішін "тексеру": бәрі орнында ма,

шашылған зат, шаң-тозаң жоқ па, екеуіміз қарап шығайық деп балаға ұсыныс жасайды. Үлкендер ешқандай мораль оқымайды, мүмкіндігінше балалар ісінің нәтижесін ақылмен түсіндірген дұрыс тәрізді. Үлкенді құрметтеу, қадір түту, адамдар арасындағы ілтипатты қарым-қатынастар екі жақты сыйласа білу-қазақ үйелменінде ежелден берік ұстаған әдеп-тәлімдерінің болғаны баршаға аян.

Қазақ дәстүрінде жастардың үлкендер алдында адуындап кіріп, асқақтап сөйлеуі сөкеттік деп саналған. Ауыл ақсақалдарының қолын алу үшін алыстан келген азамат, атынан шеткерірек түсіп, үйге дейін жаяу келген. Сырттан жасы үлкен адам кіргенде орнынан тұрып сәлем беру, атқа қолтығынан демеп мінгізу, сөйлесу барысында ізет пен ілтипат білдіру - жасы кішілерге тән әдет салттары болды.

Мұны атадан балаға мирас болып келген нақыл сөздердің өзінен-ақ аңғаруға болады. Олардың бірі "Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды. Кіші сені сыйласа, сені кісі сыйлайды" десе, екіншісі: "Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі де әдепті", - деген қайырады. Осы тектес мақал-мәтелдердің бәрі де қазақ шаңырағында әр уақытта да әдептілікті құрметтегенін, сыпайы, кішіпейіл адамды балаларға үлгі-өнеге ете білгенін, жас ұрпақтың тәлімді, тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударатындығын айқын көрсетеді.